

Этил спирті және алкоголь өнімінің өндіріс төлқұжаттарын дайындауға қажет мәліметтердің тізбесі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2005 жылғы 12 қазандағы N 465 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 9 қарашада тіркелді. Тіркеу N 3926. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2016 жылғы 19 ақпандағы № 75 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.02.2016 № 75 бұйрығымен.

"Этил спирті және алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес этил спирті және алкоголь өнімінің өндірілуін ретке келтіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес этил спирті және алкоголь өнімінің өндіріс төлқұжаттарын дайындауға қажет мәліметтердің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Алкоголь өнімін өндіруді және оның айналымын Мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитеті Төрағасының мынадай бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын:

"Өндіріс төлқұжаттарын дайындауға қажет мәліметтердің тізбесі туралы" 2000 жылғы 5 қазандағы N 188 (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2000 жылғы 17 қарашада N 1288 тіркелген);

"Өндіріс төлқұжаттарын дайындауға қажет мәліметтердің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Алкоголь өнімін өндіруді және оның айналымын Мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитеті Төрағасының 2000 жылғы 5 қазандағы N 188 бұйрығына өзгертулер енгізу туралы" 2001 жылғы 13 қыркүйектегі N 167 (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2001 жылғы 29 желтоқсанда N 1722 тіркелген).

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің Акциздерді әкімшіліктендіру басқармасы (Ким Р.Ю.):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін;

2) осы бұйрықты лицензиаттардың назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық Комитеті Төрағасының орынбасары Н.Ш.Ысқақбаевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен он күн өткен соң қолданысқа енеді.

Төраға

"Келісілген"

Қазақстан Республикасының
Экономика және сауда министрлігі
Стандарттау, метрология және
сертификаттау жөніндегі комитетінің
Төрағасы
2005 жылғы 4 қараша

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
Салық комитеті Төрағасының
2005 жылғы 12 қазандағы
N 465 бұйрығымен бекітілген

Этил спирті және алкоголь өнімінің өндіріс төлқұжаттарын дайындауға қажет мәліметтердің тізбесі

1. Этил спирті және алкоголь өнімінің өндіріс төлқұжатына қойылатын жалпы талаптар

1. Өндіріс төлқұжатын өндіруші өзі әзірлейді және бекітеді, оған бірінші басшы, ол болмаған жағдайда оның уәкілетті адамы қол қояды және этил спирті және алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын реттеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органына (бұдан әрі - уәкілетті орган) ұсынылады.

2. Этил спирті және алкоголь өнімінің өндірістік төлқұжаты мынадай мәліметтерден тұрады:

1) этил спирті және алкоголь өнімін өндіруді жүзеге асыратын ұйымның (бұдан әрі - өндіруші) атауы;

2) өндірушіні мемлекеттік тіркеу немесе қайта тіркеу туралы куәлігінің нөмірі мен күні, куәлікті берген органның атауы;

3) заңды тұлға немесе жеке тұлғаның - өндірушінің мекен-жайы;

4) заңды тұлға немесе жеке тұлғаның - өндіріс басшысының аты-жөні, тегі, телефон нөмірі;

5) өндірістің орналасқан жері;

- 6) өндіріс басшысының аты-жөні, тегі, телефон және факс нөмірі;
- 7) салық төлеушінің (өндірушінің) тіркеу нөмірі;
- 8) кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпы сыныптауышы (КҰЖС) коды;
- 9) қызмет көрсететін банк, есептік шоты, жеке сәйкестендіру коды (ЖСК);
- 10) меншік түрі;
- 11) жүргізілген жылжымайтын мүлікті мемлекеттік тіркеу туралы белгісі бар құқық белгілейтін құжаттар туралы деректер (нөмірі, беру күні, жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған органның атауы);
- 12) өндірушінің теміржол деректемелері;
- 13) өндірісті пайдалануға енгізген, соңғы қайта құруды жүргізген жылы;
- 14) ғимараттар мен құрылыстардың сұлбасымен өндірістің бас жобасы (төлқұжатқа қосымша түрінде);
- 15) өндіріс аумағының жалпы ауданы;
- 16) ғимараттар мен құрылыстардың ауданы;
- 17) шығарылатын спирттің түрі (спирттің нормативтік және техникалық талаптарға сәйкестігі туралы уәкілетті орган шешімінің атауы, нөмірі мен күні);
- 18) шығарылатын өнімінің ассортименті (Республикалық дегустациялық комиссияның қорытындысы негізінде берілген өнімінің нормативтік және техникалық талаптарға сәйкестігі туралы уәкілетті орган шешімінің атауы, нөмірі мен күні, технологиялық нұсқаулықты, рецептураны, техникалық шарттарды бекіткен органның күні, нөмірі мен атауы);
- 19) этил спирті және алкоголь өнімін өндірудің технологиялық сызбасы;
- 20) цехтар мен учаскілер бойынша негізгі технологиялық жабдықтарының тізімі;
- 21) спирт сақтау қоймасы (жабық немесе ашық типті);
- 22) этил спирті және алкоголь өнімін өндірудің техникалы-химиялық бақылау ;
- 23) этил спирті және алкоголь өнімін өндіргенде негізгі шикізат пен қосымша материалдар туралы мәліметтер;
- 24) сақтау қоймалары туралы мәліметтер;
- 25) этил спирті мен алкоголь өнімі өндірісін метрологиялық қамтамасыз ету жөніндегі мәліметтер;
- 26) санитарлық-тұрмыстық шарттар туралы мәліметтер;
- 27) қоршаған ортаны қорғау.

Ескерту: 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2011.05.04 N 237 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

3. Өндіріс қуаты, шикізаттың шығыс және шығын нормалары, қосымша материалдар мен энергия қорлары, жабдықты тиімді орналастыру жоспары,

ауыстыру немесе алмастыру нәтижесінде жетекші технологиялық жабдық өзгерген жағдайда өндіруші өндірістің төлқұжатына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

2. Этил спирті мен алкоголь өнімін өндірудің технологиялық сызбасы

4. Этил спирті және алкоголь өнімін өндірудің технологиялық сызбасының сипаттамасында мыналар болуы қажет:

1) жабдығының ерекшелігі бар өндірістің сызбасының және жабдықты орналастырудың жинақтық жоспарының графиктік бейнесі;

2) этил спирті өндірісі кезінде:

дәнді немесе мелассаны тасымалдау (көлік түрі, автомобильдік немесе теміржолдық кіреберіс жолдардың, автомобильдік немесе теміржолдық таразылардың болуы);

қайнату ж/е уыт өсіру үшін астықты дайындау (қолданылатын тәсіл, дайындаудың алдыңғы қатарлы тәсілдерін пайдалану және т.б.);

дәнді ұсақтау (ұсақтау тәсілі, ұнтақ өнімі %);

ашытқыны әбден қайнату (әбден қайнату, температуралық режимдер, дайын ашытқының химия-бактериологиялық өлшемдері);

ашытқыны қанттау (пайдаланылатын тәсіл, өлшемдер, қанттау уақыты);

мелассаны ашытуға дайындау (қышқылдандыру, меласса уытын әзірлеу);

ашытқыларды әзірлеу (ашытқылардың пайдаланылатын расасы, температурасы және әзірлеу уақыты);

ашытқының ашуы (орнатылған кеспектердің саны мен сыйымдылығы, қабаттар температурасы, берілген ашытқылардың көлемі, ашудың температуралық режимі және уақыты, мелассаны ашытудың пайдаланылатын әдісі);

ашытқыны спиртке айыру (пісіп жетілген ашытқыдағы спирт құрамы (дәнді дақылды өңдеу кезінде) немесе меласса уытының концентрациясы %-пен);

ашытқы тазартатын немесе ашыту (мелассаны қайта өңдеу кезінде) қондырғысы (өнімділігі, басқару режимі мен айыру процестерін реттеу, қосымша бағандарды пайдалану);

спирт температурасын тұрақтандыру (спирт тоңазытқышы, суды салқындату көзі мен өлшемдері, спирт тоңазытқышындағы судың бағыты, спирт температурасын автоматты реттеу жүйесін қолдану);

спирт өлшеуіш аппараттар (іріктелген пастеризацияланған спирт пен эфиральдегидті фракцияның маркасы, саны, юстировка күні);

күю бөлімі (эфиральдегидті фракцияны және тазартылмаған майды сақтау);

спирт сақтау қоймасы (типі (жабық немесе ашық), бір мезгілде сақтау сыйымдылығы);

арпаны уытта суландыру;

уыт өсіру (пайдалану тәсілі, өсіру уақыты, температуралық ылғалдылық режимі);

уытты ұсақтау және уыт сүтін дайындау;

ферменттерді пайдалану (атауы, өндіруші ел);

спирт өндірісінің қалдықтарын сату (көмір қышқылы, бард, эфиральдегидті фракция, тазартылмаған май);

3) арақ, ерекше арақ ликер-арақ өнімдері өндірісі кезінде:

суды жұмсарту тәсілдері;

су-спирт қоспасын әзірлеу (пайдаланылатын әзірлеу және араластыру тәсілі);

қысымдағы сыйымдылыққа сұрыптауды айдау;

сұрыптауды көмірлі-тазалаушы батереяда өңдеу жылдамдығы мен режимі (арақ үшін);

су-спирт қоспасының пайдаланылатын сүзгісі (ликер-арақ өнімдері үшін);

су-спирт қоспасы талап етілетін кондицияға (ингредиенттерді енгізу) және күштілікке жеткізу;

су-спирт қоспасын өңдеудің жаңа тәсілдерін пайдалану (тазалау, жылтырлату және т.б.);

құю (құю желісінің саны мен өнімділігі, оның бақылаушы есепке алу приборларымен жарактандырылуы (газдалған алкоголь өнімдерінен басқа);

4) шарап өнімін өндіруде:

қайта өңделетін шикізат (жүзімнің, жеміс-жидектің пайдаланылатын сорттары);

шикізаттың тасымалдануы (пайдаланылатын ыдыс, арнаулы көлік және т.б.);

шикізаттың қабылдануы және өлшенуі;

шикізаттың қайта өңделуі (шикізатты жинау мен өңдеу аралығындағы уақыт, шикізатты сұрыптау және т.б.);

жүзім шырынын фракциясы бойынша іріктеу;

жүзім шырынын мөлдірлеу тәсілдері (салқындату, сульфаттау, центрифугалау, бентонитпен өңдеу, ферменттік препараттарды пайдалану);

ашытқының таза дақылдарының дайындалуы;

ашыту тәсілдері (температура, сыйымдылықтың қорғағыш жамылтқысы және т.б.);

спирттеу тәсілдері;

тұнбадан алу;

шарап материалдарының өңделуі (өңдеу сызбасы, сыйымдылықтың қорғағыш жамылтқышы);

екінші қайтара ашытудың енгізілуі;

шарап материалының сақталуы (сақтау шарттары мен режимі, сыйымдылықтың қорғағыш жамылтқышы);

шарап материалының тасымалдануы (пайдаланылатын көліктің түрі, оның қорғағыш жамылтқышының болуы және т.б.);

шарап материалының коньяк спиртіне айдалуы (пайдаланылатын қондырғы, айдау жылдамдығы, спирттің мөлдірлігіне, температурасына, күштілігіне, органолептикалық сапасына бақылау);

коньяк спиртінің бабына келтірілуі (пайдаланылатын резервуардың түрі, партияның эгализациясы, бабына келтіру режимі, емен бөшкені пайдалану, таған немесе жоққа, үй-жай ауасының температурасы мен ылғалдылығын күнделікті тіркеу, коньяк спиртін бақылау, мүкәммалдау жөніндегі арнайы журналды жүргізу);

коньяк спиртін тасымалдау (пайдаланылатын көлік түрі және оның қорғағыш жамылтқышының болуы);

5) сыра өндіруде:

ашытқыны жаншудың қолданылатын тәсілі мен режимі;

құлмақ міндетінің сызбасы;

мөлдірлеу және суыту тәсілі;

сыра ашытқысын қайнатудың температуралық параметрлері;

сыра ашытқысын қайнату процесін автоматты түрде реттеу;

ферменттік препараттарды пайдалану;

тұқымдық ашытқылардың түрлері және оларды сақтау шарттары;

басты ашыту мен ашытуға дейінгі температуралық режимдер мен күндер саны;

температуралық режимдерді бақылаудың қабылданған сызбасы;

сүзгілеу тәсілі мен сапаға бақылау жасау;

форфастағы сүзгіленген сыраны сақтаудың температуралық режимі;

сыраны пастеризациялау және оны сақтау мерзімдері;

көмірқышқыл газын және басқаларды жеткізудің және сақтаудың пайдаланылатын тәсілі.

5. Этил спиртін өндіруді жүзеге асыру үшін ұйымда орнатылған жабдық туралы мәліметтер тізбесі мыналарды:

1) Шикізатты қабылдау және өңдеу кезінде: платформалық таразылардың, сүрлемнің, меласса жинағыштың, ауа-елеуіш сепараторлардың, магниттік сепаратордың, тас бөлгіштің, норийдің, өртке қарсы қауіпсіздік жүйесінің атауын, типін, маркасын (өнімділігі, саны, өндіруші зауыт, шығарылған жылы және пайдалануға енгізілген жылы, жергілікті жылыту (мелассаны қайта өңдеу кезінде) қондырғысы);

2) қайнату бөлімінде: ұсатқыштың, әбден пісіру агрегатының, қанттағыштың, ферменттерді өсіру және дайындау, түйіспелі бастың, уыт стерилизаторының (мелассаны қайта өңдеу кезінде), қантталған суслоны суытуға арналған жылу алмастырғыштың атауын, типін, маркасын (өнімділігі, саны, өндіруші зауыт, шығарылған жылы және пайдалануға енгізілген жылы);

3) ашыту бөлімінде: ашыту сыйымдылықтарының, беріліс резервуарының, ашытқыштың немесе ашытқы генераторының (мелассаны қайта өңдеу кезінде), спирт ұстағыштың, насостың, кіру-сору ауа желдеткішінің атауын, типін, маркасын (өнімділігі, саны, сыйымдылығы, өндіруші зауыт, шығарылған жылы және пайдалануға енгізілген жылы, суыту қондырғысы);

4) ашытқы тазалау не ашытқы (мелассаны өндіру кезінде) бөлімінде: ашыту колоннасының, эпюрация колоннасының, тазалағыш колоннасының, расиропниктің , (мелассаны қайта өңдеу кезінде), бардоотводчиктің, дефлегматорлардың, конденсаторлардың, эфиральдегидті үдету колоннасы, спирт аулағыштың, көбік аулағыштың (мелассаны қайта өңдеу кезінде), бас фракция тоңазытқышы, қарау фонары, ротаметрлердің, пастеризацияланбаған спирт үшін шыны шығын өлшеуіштің, спирт өлшеуіш аппараттардың, насостардың, атауын, типін, маркасын (өнімділігі саны, өндіруші зауыт, диаметрі (мм), тарелкалар типі, жылу алмастырғыштың беті (m^2)), шығарылған жылы және пайдалануға енгізілген жылы);

5) араластыру бөлімінде, негізгі және қосымша спирт қабылдаушының, 1-сыныпты стационар техникалық спирт өлшеуіштің, коммуникациядан құйылған спиртті жинағыштың, спиртті, ЭАФ-ты қотару үшін өзі соратын құйынды насостың, спирт булары көрсеткішінің, тыныс алу клапанының, газ коммуникациялары үшін оттан қорғағыштың, желдеткіштің, атауын, типін, маркасын (өнімділігі саны, өндіруші зауыт, шығарылған жылы және пайдалануға енгізілген жылы, жермен (өлшеуіш күні) қосқыш) құрайды.

6. Арақ, айырықша арақ және ликер-арақ бұйымдарын өндіруді жүзеге асыру үшін ұйымда орнатылған жабдық туралы мәліметтер тізбесі мыналарды:

1) өнімді дайындау цехында: сұрыптау, купаждау, қысымдау сыйымдылығының, жетілдіру шарасының, колереварканың, ірі және мұқият тазалайтын құмсізгінің, көмірлі бағанның, ротаметрдің, сүзгі-престің, аламбиктің, насостың атауын, типін, маркасын (саны, өнімділігі, өндіруші зауыт, сыйымдылық (дал), диаметр, биіктік (мм), өлшенген жылы);

2) құю цехында: шөлмек жуғыш машина типін, марка жаңа шыны шөлмектерді шаю қондырғысын, бөліктеп құю автоматын, тығындау автоматын, шөлмектер бракеражын, этикеттеу автоматын, акциз маркілерін желімдеу автоматын, акциздік маркаларды қорғау үшін термоқондырғысын, ыдыстан

шөлмекті алу автоматын, шөлмекті ыдысқа салу автоматын, полимерлік пленкамен шөлмектерді бандеролдау қондырғысын, (өнімділігі, саны, өндіруші зауыт, шығарылған жылы және пайдалануға берілген жылы) өндіріс көлемдерін есепке алу бақылаушы приборларын (атауы, саны, абонент, үздіксіз қоректендіру көзі, жұмыс режимі, журнал жүргізу, салынған пломбалардың саны мен оттискі) құрайды.

7. Шарап өнімдерін өндіруді жүзеге асыру үшін ұйымда орнатылған жабдық туралы мәліметтер тізбесі мыналарды:

1) шикізатты өңдегенде: таразылардың, бункерлердің, насостардың, ағу науаларының, престің, транспортерлердің атауын, типін, маркасын, (өнімділігі, саны, өндіруші зауыт, шығарылған жылы және пайдалануға берілген жылы);

2) тұндыру және ашыту бөлімінде: тұндыру сыйымдылығының, қорғаушы жамылғысы бар ашытқыларды ашыту сыйымдылықтарының, сульфадозаторлардың, насостың атауын, типін, маркасын (өнімділігі, сыйымдылығы, саны, өндіруші зауыты, эксплуатацияға енгізілу жылы, өлшенген жылы, шпунттардың танк аппараттарымен қамтамасыз етілуі);

3) шарап сақтау қоймасы бойынша: қорғағыш жамылғысы бар шарап материалын, шарапты ж/е коньякты, пастеризаторды, насосты, фильтр-престі сақтау үшін қажет сыйымдылықтардың атауын, типін, маркасын (сыйымдылығы, өнімділігі, типі, маркасы, беті (шаршы метр), өндіруші зауыт, өлшенген жылы, шпунттардың танк аппараттарымен қамтамасыз етілуі);

4) шарап сақтау қоймасында өнімдерді сақтаудың талап етілетін режимін сақтауды қамтамасыз ететін қондырғылар мен приборлардың атауын;

5) құю цехында: шөлмек жуғыш машинаның, бөліктеп құю автоматының, тығындау автоматының, шөлмектер бракеражының, этикеттеу автоматының, акциз маркаларын желімдеу автоматының, ыдыстан шөлмекті алу автоматының, шөлмекті ыдысқа салу автоматының, акциз маркаларын қорғайтын термоқондырғының типін, маркасын (өнімділігі, саны, өндіруші зауыт, шығарылған жылы және пайдалануға берілген жылы), өндіріс көлемдерін есепке алатын бақылаушы приборларды (атауы, саны, абонент N, үздіксіз қоректендіру көзі, жұмыс режимі, журналды жүргізу, қойылған пломбалардың саны мен оттискі);

6) шарап материалын коньяк спиртіне айдағанда: қолданылатын қондырғы мен жабдықтың атауы, олардың типін, маркасын, санын, өнімділігін, өндіруші зауытты, шығарылған және енгізілген жылын құрайды.

8. Сыра өндірісін жүзеге асыру үшін ұйымда орнатылған жабдық туралы мәліметтер тізбесі мыналарды:

1) қайнату бөлімінде: ұсатқыштың, сүзінді кеспектің (қайнатылған), сүзгі кеспектің, жүзім шырыны қайнатылатын қазандықтың, жылу алмастырғыштың,

гидроциклонның, құлмақ сүзгінің жылтырлату машинасының, ұсатылған сыйымдылығының атауын, типін, маркасын (сыйымдылығы, өнімділігі, саны, өндіруші зауыт, шығарылған, пайдалануға енгізілген және өлшенген жылы);

2) ашыту бөлімінде: басты ашыту сыйымдылығының, ақырына дейін ашытатын танкі, танктердің шпунт аппараттарымен қамтамасыз етілуінің, сүзгіленген сыра жинағыштың, сүзгінің, жүзім шырынын қабылдағыш өлшемді ыдыстың, жылу алмастырғыштың, насостың атауын, типін, маркасын (сыйымдылығы, өнімділігі, саны, өндіруші зауыт, шығарылған, пайдалануға енгізілген және өлшенген жылы);

3) құю цехында: шөлмек жуғыш машинаның, жаңа шыны шөлмекті шаю қондырғысының, бөліктеп құятын автоматтың, тығындайтын автоматтың, шөлмек бракеражының, этикеттеу автоматының, ыдыстан шөлмекті алу автоматының, ыдысқа шөлмекті орналастыру автоматының, шөлмектерді полимерлік пленкамен орап қаптау қондырғысы, кег-бөшкелерді толтыру қондырғысының, кег-бөшкелерді жуу қондырғысының типін, маркасын (сыйымдылығы, өнімділігі, саны, өндіруші зауыт, шығарылған, пайдалануға енгізілген және өлшенген жылы) құрайды.

4. Спирт қоймасы (ашық не жабық типтегі)

9. Спирт қоймасының сипаттамасында спирт қабылдау бөлімшелері және спирт қоймасы туралы мәліметтер көрінеді.

10. Спирт қабылдау бөлімшесі туралы мәліметтерде мыналар болуы керек:

1) техникалық спирт үшін 1 сыныпты стационарлық сыйымдылығы (типі, маркасы, сыйымдылығы, саны, өндіруші зауыт, шығарылған және пайдалануға енгізілген жылы);

2) өлшеуіште салыстырылып тексерілген 2 термометр;

3) спиртті айдау үшін өзі соратын құйынды насос (типі, маркасы, сыйымдылығы, өнімділігі, саны, өндіруші зауыт, шығарылған жылы және пайдалануға енгізілу жылы, меншік құқығын растайтын құжаттар);

4) механикалық ауа тазартуды қамтамасыз ететін ауа тазартқыш;

5) сегіз еселік ауа тазартуды қамтамасыз ететін ауа тазартқыш;

6) жермен байланыстыру (өлшеу күні);

7) бөлімшені сақтау қоймасының бөлетін қоршаулар;

8) өрт сөндіру құралдары.

11. Спирт сақтау қоймасы туралы мәліметтерде мыналар болуы керек:

1) спирт сақтау резервуарларында (сыйымдылығы, саны, өлшенген жылы);

2) резервуарларға қызмет көрсету алаңшалары;

3) резервуарлардағы спиртті өлшеу қондырғылары мен құжаттары;

4) резервуарлардағы спирттің шектік деңгейін автоматты сигналдау құралдары;

5) резервуарларды суландыру;

6) спирт буларының көрсеткіші;

7) газ коммуникацияларындағы тыныс алу клапаны мен оттан қорғағыш;

8) механикалық ауа тазартуды қамтамасыз ететін ауа тазартқыш;

9) 8-еселік ауа тазартуды қамтамасыз ететін ауа тазартқыш;

10) жермен байланыстыру (өлшеу күні);

11) найзағайдан қорғағыш;

12) резервтік (эвакуациялық) шығу;

13) қарсы еңіс;

14) төгілген спиртті жинап алушы түтік;

15) оңай лақтырылатын жамылғы;

16) өрт сөндіру құралдары;

17) өрт-күзет сигнализациясы;

18) алаңды тегістеу және асфальттау (тек жабық тип үшін);

19) еденді темірлеу.

5. Этил спирті мен алкоголь өндірісін техникалы-химиялық бақылау

12. Өндірісті техникалы-химиялық бақылау сипаттамасында өндірістік зертхана туралы мәліметтер, жүргізілетін талдамалар тізбесі және мына нормативтік құжаттар мен техникалық құжаттама болуы керек:

1) өндірістік зертхананың аттестациялық куәлігі (нөмірі, мерзімі, оны берген орган, күшінің мерзімі);

2) аттестациялық куәлікке қоса беріліп отырған нысанға сәйкес аналитикалық бақылауға жататын дайын өнім мен шикізаттың номенклатурасы;

3) бекітілген технологиялық нұсқаулықтардың бар болуы және атауы;

4) жүргізілетін талдаулар тізбесі:

этил спиртіні өндіру кезінде - шикізатқа (дәнді дақылдар мен патоктарға), ашытқыға, ашыған сүтке, жүзім шырынына, ашытқыларға, спиртке, бардаларға, эфиралдегидті фракциясына, тазартылмаған майға, қосымша материалдарға, суға;

арақ, айырықша арақ және ликер-арақ өнімдерін өндіруде - суға, су спирт қоспаларына, ингредиенттер мен басқа қосымша материалдар активтенген көмірге, хош иісті спиртке, дайын өнімдерге, жарамсыз ақауға;

шарап өнімдерін өндіруде - шикізатқа, жүзім шырынына, ашытқыларға, шарап материалдарына, шарап және коньякқа, қосымша материалға, өндіріс қалдықтарына, суға, спиртке, дайын өнімдерге;

сыра өндіру кезінде - шикізатқа, ашытқыға және ашытылмаған материалдарға, құлмақ, құлмақ өнімдері, жүзім шырынына, ашытқыларға, қосымша материалдарға, суға, дайын өнімдерге;

5) нормативтік-техникалық құжаттаманың болуы керек.

6. Этил спирті мен алкоголь өнімі өндірісі кезіндегі негізгі шикізат пен көмекші материалдардың шығысы туралы мәліметтер

13. Этил спирті өндірісі кезіндегі негізгі шикізат пен көмекші материалдардың шығысы туралы мәліметтер:

1) өңделетін шикізаттың шартты крахмалының тоннасынан алынатын спирт шығымы (дал/тонна), мына дақылдар бойынша:

жүгері;

бидай;

тары;

қара бидай;

арпа;

сұлы;

2) мелассаны өңдеу кезіндегі спирт шығымы (шартты крахмалдан дал/тонна);

3) мына дақыл түрлері бойынша ашытқыны әзірлеуге астықтың жұмсалуды (ашытқының шартты крахмалын қоса алғанда, шикізаттың өңделетін шартты крахмалының массасына %-пен):

бидай;

сұлы;

қонақ жүгері;

күріш;

4) ашытқыны толық ауыстырғанда ферменттік препараттардың жұмсалуды, мына түрлер бойынша (литр/1000 дал спирт): амилосубтилин, глюкозамарин, сансупер, термомил және тағы басқалар;

5) көмірқышқылының шығымы (кг/1000 дал спирт);

6) бардтың шығымы (литр/1000 дал спирт);

7) эфиральдегидті фракцияның шығымы (дал/1000 дал спирт);

8) тазартылмаған майдың шығымы (дал/1000 дал спирт);

9) күкірт қышқылының жұмсалуды (кг/1000 дал спирт);

10) ортофосфор қышқылының жұмсалуды 70% (кг/1000 дал спирт);

- 11) диаммоний фосфатының жұмсалуды (кг/1000 дал спирт);
- 12) карбамидтің жұмсалуды (кг/1000 дал спирт);
- 13) формалиннің жұмсалуды (кг/1000 дал спирт);
- 14) хлорлы известің жұмсалуды (кг/1000 дал спирт);
- 15) каустикалық соданың жұмсалуды (кг/1000 дал спирт);
- 16) өткен жылғы жылу энергиясының жұмсалуды (гкал/1000 дал спирт);
- 17) өткен жылғы электр энергиясының жұмсалуды (квт-сағ/1000 дал спирт);
- 18) өткен жылғы судың жұмсалуды (мың куб метр/1000 дал спирт).

14. Арақ, ерекше арақ және ликер-арақ өнімдері өндірісі кезіндегі негізгі шикізаттардың, көмекші материалдардың шығыс туралы мәліметтер:

1) арақ өндірісіндегі спирт шығысы (дал б.с./мың дал);

2) көлемі, деңгейі бойынша құйылатын ішкі рынокқа өндірілетін арақтарды, ерекше арақтарды және ликер-арақ бұйымдарын өндіру кезіндегі спирттің жоғалуы (дайын өнімдегі спирт көлемімен салыстырғанда %-пен);

3) Аромат спирттерді өндіру кезіндегі спирттің жоғалуы (құюға алған спирт көлемімен салыстырғанда %-пен);

4) жарамсыз ақауды буландыру кезіндегі спирттің жоғалуы (ашытқы құрамындағы спирт көлемімен салыстырғанда %-пен);

5) құю цехтары мен дайын бұйымдар қоймаларындағы өнімнің жоғалуы (дайын өнімдегі сусыз спиртті алғанда %-пен);

6) шыны шөлмектердің (сынуы) шығыны (қабылданған және босатылған шөлмектер санын қосып, екіге бөлгендегі санға %-пен);

7) тасымалдау кезінде өнімнің жоғалуы (жөнелтілген санға %-пен);

8) жапсырмалардың, кольереткалардың және қарсы жапсырмалардың және қақпақтардың жоғалуы (дайын өнімдері бар шөлмектер санына %-пен);

9) жылу энергиясының шығысы (орташажылдық Гкал/өнімнің мың дал);

10) электр энергиясының шығысы (орташажылдық Квт-сағ/өнімнің мың дал);

11) Судың шығысы (орташажылдық мың куб м/өнімнің мың дал).

15. Шарап жасау өнімдері өндірісі кезіндегі негізгі шикізаттардың, көмекші материалдардың шығыс туралы мәліметтер:

1) шикізатты қайта өңдеу (массамен салыстырғанда %-пен):

жүзімді жүзім ашытқысына;

қалқымаларды жүзім ашытқысына;

кәдеге асатын материалдарды;

2) шарап материалдарындағы спирттің (спирттіктің азаюы) шығындары (көлемімен салыстырғанда %-пен):

купаж бен құюды қоса алғанда, күшейтілген шарап материалдарын технологиялық өңдеу кезінде (жылумен өңдеусіз);

купаж бен құюды қоса алғанда, ашытылған-спирттелген шырындардан дайындалған жеміс-жидек шарап материалдарында;

шарап, материалдарын бір жыл сақтағанда;

3) Технологиялық өңдеу кезінде шарап материалдарының шығындары (осы операцияға түскен шарап материалының санымен (көлемімен) салыстырғанда %-пен):

қайта құю (қайта айдау) кезінде;

араластыру кезінде: купаж кезінде, эгализация кезінде, спирттеу кезінде; желімдеу кезінде;

сүзгілеу кезінде: шараптың сүзгі картонға сіңуі; шараптың сүзгі мақтаға сіңуі; шараптың диатомитке сіңуі;

жылумен өңдеу кезінде (жылумен не суықпен): ағында бабына келтірмей; ағында одан ары 10 тәулікке дейін бабына келтіріп;

4) шараптың құю кезінде жоғалуы осы операцияға түскен шарап материалының санымен (көлемімен) салыстырғанда %-пен:

ыстық күйінде құю;

шөлмекте пастеризациялау;

әрлеу ж/е дайын өнімдер қоймасына тапсыру;

дайын өнімдер қоймасында сақтау;

5) мына аппараттарда шарап материалдарын айдау арқылы коньяк спиртің алу кезінде спирттің жоғалуының нормативтері (шарап материалдарындағы сусыз спирт санымен салыстырғанда %-пен):

мерзімді әсер ететін (бір рет айдау);

үздіксіз әсер ететін;

6) шыны шөлмектердің (сынуы) шығыны (қабылданған және босатылған шөлмектер санын қосып, екіге бөлгендегі санға %-пен):

сақтау кезінде;

ыдыс цехтарында өңдеу кезінде;

өте кірленген шөлмектерді алдын-ала жуу кезінде;

ішкі қоймада тасығанда, сақтағанда және автомашинаға тиегенде;

7) шыны шөлмектердің (сынуы) шығыны (өндіріске түскен санына %-пен):

шөлмектер:

жуғанда;

құйғанда;

тығындағанда;

безендіргенде;

жәшіктерге салғанда және дайын өнімдер қоймасына тапсырғанда;

8) тасымалдау кезіндегі жоғалу (жөнелтілген санға %-пен);

9) жапсырмалардың, колъереткалар мен қарсы жапсырмалардың және қақпақтардың жоғалуы (дайын өнімдері бар шөлмектер санына %-пен);

10) жылу энергиясының шығысы (орташа жылдық Гкал/өнімнің мың дал);

11) электр энергиясының шығысы (орташажылдық Квт-сағ/өнімнің мың дал);

12) судың шығысы (орташажылдық мың куб м/өнімнің мың дал).

16. Сыра өндірісі кезіндегі негізгі шикізаттардың, көмекші материалдардың шығыс туралы мәліметтер:

сыра өндіруге қажетті шикізаттың шығысы (кг/1000 дал):

ашытқы;

ашытылмаған материалдар;

қант шикізаты;

2) ұнтағышта экстракттың жоғалуы (%);

3) сыраны құю кезінде шөлмектердің жойылуы (сынуы) (%);

4) ашытқыны суыту кезінде жойылуы (%);

5) ашу кезінде жойылуы (%);

6) ашыту кезінде жойылуы (%);

7) колировка кезінде ашытқыштың жойылуы (%);

8) ыдыссыз тасымалдау кезінде сыраның жойылуы (цистерналарға құйылуын, тасымалдануын және сауда жүйесіне тапсырылуын есептей отырып (%));

9) өнімнің құю цехтары мен дайын өнімдер қоймасында жойылуы (%);

10) сыраны пастеризаторларда пастеризациялау кезінде шөлмектердің сынуы (%);

11) жылу энергиясының шығысы (орташажылдық Гкал/1000 дал сыра);

12) электр энергиясының шығысы (орташажылдық Квт-сағ/мың дал сыра);

13) судың шығысы (орташажылдық мың куб м/мың дал сыра).

7. Қойма үй-жайлары туралы мәліметтер

17. Этил спирті өндірісі кезіндегі қойма үй-жайлары туралы мәліметтер:

астықты, мелассаны, көмірқышқылын, ферменттерді, көмекші материалдары сақтау қоймалары (саны, ауданы ш.м.), бір мезгілде сақтау сыйымдылықтары (тонна, баллон), талап етілетін режимді қамтамасыз ететін қондырғылардың атауы).

18. Арак, ерекше арақ, ликер-арақ өнімдерін және шарап жасау өнімдерін өндіру кезіндегі қойма үй-жайлары туралы мәліметтер:

1) ашық және жабық типтегі ыдысты қабылдау және сақтау қоймасы (бір мезгілде сақталынатын сыйымдылық (дал, тн) ауданы (ш.м.) бөлмені жылытатын қондырғылардың атауы мен саны);

2) дайын өнімді сақтау қоймасы (бір мезгілде сақталынатын сыйымдылық (мың шөлмекпен) ауданы (ш.м.) бөлмені жылытатын қондырғылардың атауы мен саны, сондай-ақ сақталуды бақылайтын аспаптар);

3) көмекші материалдарды сақтау қоймасы (сақталынатын материалдардың саны, ауданы (шаршы метр), атауы.

8. Этил спирті мен алкоголь өнімі өндірісін метрологиялық қамтамасыз ету жөніндегі мәліметтер

19. Этил спирті мен алкоголь өнімі өндірісін метрологиялық қамтамасыз ету жөніндегі мәліметтердің құрамында мыналар көрсетіледі:

1) атауын, типін, маркасын, метрологиялық сипаттамасын, тексеру саны мен мерзімділігін көрсетумен салыстырып тексеруге жататын өлшеуіш құралдарының тізбесінің бар болуы;

2) метрологиялық қызмет көрсету туралы шарт (нөмірі, күні, оны жүзеге асыратын орган);

3) өлшеуіш құралдарының салыстырып тексерілуін жүзеге асыру үшін жауапты тұлға (лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты, бұйрықтың күні мен нөмірі).

9. Этил спирті мен алкоголь өнімі өндірісін инженерлік қамтамасыз ету жөніндегі мәліметтер

20. Этил спирті мен алкоголь өнімі өндірісін инженерлік қамтамасыз ету жөніндегі мәліметтердің құрамында мыналар көрсетіледі:

1) желдеткіш қондырғы және ауамен қамтамасыз ету, онда желдеткіштердің, сығылған ауаны өндіретін компрессорлық қондырғының, су жылытқыштың, ауа жылытқыштың атауы, типі, маркасы, өнімділігі, саны көрсетіледі;

2) сумен жабдықтау және кәріз, онда мыналар көрсетіледі:

сумен жабдықтау көзінің (орталықтандырылған, артезиандық құдық) бар болуы;

тереңдік насосының типі, маркасы, өнімділігі, саны;

өткен жылы технологиялық қажеттерге, шаруашылық-тұрмыстық қажеттерге пайдаланылған судың көлемі (текше метр);

резервтегі суды сақтау үшін бассейнің бар болуы (саны, бір мезгілде сақтау көлемі (текше метр);

өткен жылы қалалық тазалау құрылғыларына не өзінің сүзгілеу сыйымдылықтарына ағызылатын құйынды сулардың көлемі (текше метр);

3) электрмен жабдықтау, онда мыналар болуы керек:

жабдықтау көзінің бар болуы (орталықтандырылған, дербес);

трансформатордың, типі, маркасы, саны, қуаты, өткен жылы тұтынылған электр энергиясы (мың кВт/сағ);

4) Жылумен жабдықтау, онда мыналар көрсетіледі:

жабдықтау көзінің бар болуы (орталықтандырылған не дербес);

орнатылған бу қазандықтарының (пайдаланылатын отынның түрі), су жылыту қазандықтарының, ыстықты өндіретін компрессорлық қондырғылардың атауы, типі, маркасы, өнімділігі, саны;

өткен жылы тұтынылған (өндірілген) жылу энергиясының саны;

Су дайындығы, онда мыналар болуы керек:

пайдаланылатын қондырғылардың, сүзгілердің атауы, типі, маркасы, өнімділігі, саны;

жұмсартылған суды жинағыштың саны мен сыйымдылығы (текше метр).

10. Санитарлық-тұрмыстық қамтамасыз ету

21. Санитарлық-тұрмыстық шарттар туралы мәліметтерде арнаулы киімнің, ашық типті не жабық типті гардеробтардағы орындардың, душтардың, дәретханалардың (көшедегі, үй-жайдағы), әйелдердің жеке тазалық бөлмелерінің, ыстық және суық су араластырғышы бар қол жуу раковиналарының саны көрсетіледі.

22. Жабдықтар мен үй-жайларды санитарлық өңдеу туралы мәліметтерде тиісті нұсқаулықтар, жабдықтарды, үй-жайларды өңдеу кестелері, оларды өткізу мерзімділігі көрсетілуі керек.

11. Қоршаған ортаны қорғау

23. Қоршаған ортаны қорғау шараларының мәліметтерінде зиянды заттардың атмосфераға шығарылуына, құйынды сулардың ағызылуына және өндіріс қалдықтарының (шынының сынуы, түсті және қара металдардың сынықтары және т.б.) кәдеге асырылуына келісімін берген уәкілетті орган құжатының нөмірі және күні көрсетіледі.